- 13 Закон Республики Казахстан «Об аудиторской деятельности» от 20.11.1998 г. № 304-І (с изменениями и дополнениями от 12.11.2015 г.). — [ЭР]. Режим доступа: http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1011692.
- 14 [ЭР]. Режим доступа: www.audit.kz.
- 15 *Мусаитканова Ж.Д.* Эффективность аудиторской деятельности и пути ее совершенствования в Республике Казахстан // Банки Казахстана. — 2012. — № 12. — С. 21–23.

Г.А.Шакирова

Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасында аудиторлық қызметінің қалыптасуы мен даму себептері

Мақалада ресейлік және қазақстандық аудиторлық қызметінің жалпы сипаттамасы қарастырылған. Аудит әлеуметтік-экономикалық трансформацияның ажырамас бөлігі ретінде нарықтық экономиканың маңызды ерекшелігі болып табылады. Ұсынылатын аудиторлық қызмет сапасы Ресейдегі және Қазақстандағы экономикалық реформаларды тиімді жүргізілуіне, қаржылық-шаруашылық қызметіне тәуелді болып табылады. Ресей мен Қазақстан Республикасында аудиторлық қызметінің нормативтік-құқықтық базасының қалыптастыру кезеңдерінің салыстырмалы талдауы шартты түрде төрт кезеңге бөлініп жасалған.

Г.А.Шакирова

Предпосылки создания и развития аудиторской деятельности в Российской Федерации и Республике Казахстан

В статье дана общая характеристика российского и казахстанского рынка аудиторской деятельности. Аудит как неотъемлемый элемент социально-экономических преобразований является неизменным атрибутом рыночной экономики. От качества предоставляемых аудиторских услуг во многом зависят успешная финансово-экономическая деятельность, эффективность проведения экономических реформ в Российской Федерации и Республике Казахстан. Проведен сравнительный анализ этапов формирования нормативно-правовой базы аудиторской деятельности в России и Казахстане, которые условно были разделены на четыре этапа.

References

- 1 Ablenov D.O. *Audit: theory and practice*: textbook, Almaty: Economy, 2005, 419 p.
- 2 Azhibaeva Z.N. *Audit*: textbook, Almaty: Economy, 2004, 527 p.
- 3 Ostashenko Y.G. *Audit*, Omsk: Publ. of Omsk State University, 2009, 207 p.
- 4 Pyatenko S.V. *Organization of the work of auditors and consultants: Educational and practical guide*, Moscow: FBK-Press, 2001, p. 30.
- 5 Scobara V.V. *Audit: Methodology and organization*, Moscow: Business and Service, 1998, 389 p.
- 6 Temporary rules of auditing activity «Audit Activity in the Russian Federation», dated December 22, 1993 № 2263, [ER]. Access mode: http://pravo.gov.ru/ipsdata/?doc_itself=&backlink=1&nd=102027783&page=1&rdk=2#10.
- 7 Suyts V.P. *Audit*, Moscpw: KnoRus, 2012, 168 p.
- 8 *On Auditing* // Federal Law № 307-Federal Law of 30.12.2008, [ER]. Access mode: http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_83311.
- 9 Clarification of the Ministry of Finance of Russia from 26.03.13 № PPZ 2–2012 / 8 «Explaining the practice of law of the Russian Federation and other normative legal acts that regulate the audit activities (approved by the Council on Auditing Activity 26 March 2013, Minutes № 8), [ER]. Access mode: http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_144800.
- 10 Code of Professional Ethics approved by the Council Auditors on the audit activities of the Russian Federation 22.03.2012, Minutes № 4, [ER]. Access mode: http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_130160.
- 11 «Rules of the independence of auditors and audit organizations» (approved by the Council on Auditing Activity September 20, 2012, Minutes № 6), [ER]. Access mode: http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31278599.
- 12 Federal Law № 403-Federal Law of 01.12.2014 «On audit activity» (as amended, entered into force on 01.08.2015), [ER]. Access mode: http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_83311.
- 13 Law of the Republic of Kazakhstan «On Auditing Activities» of 20.11.1998 of № 304-I (as amended and supplemented on 11.12.2015), [ER]. Access mode: http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1011692.
- 14 [ER]. Access mode: www.audit.kz.
- 15 Mусаипканова J.D. *Banks in Kazakhstan*, 2012, 12, p. 21–23.

И.Т.Нурумова

Бишкекский гуманитарный университет им. К.Карасаева, Кыргызстан

Актуальные проблемы рынка труда Кыргызской Республики

В статье исследованы современные основы развития рынка труда Кыргызской Республики. Выявлена роль государства в области социально-трудовых отношений на рынке труда. Проанализированы основные демографические показатели страны. Определены важнейшие показатели, которые характеризуют жизненный уровень населения. Охарактеризовано отношение среднемесячной заработной платы к прожиточному минимуму трудоспособного населения Кыргызстана. Отмечается, что предложение незанятой рабочей силы значительно превышает спрос работодателей.

Ключевые слова: рынок труда, занятость, трудовые ресурсы, безработица, миграция.

В современных условиях реформирование трудового законодательства проводится с целью повышения мобильности населения, сокращения скрытых процессов на рынке труда, обеспечения устойчивого баланса интересов работников, работодателей и государства.

Экономическая безопасность на рынке труда является составной частью экономической безопасности страны, причем их взаимодействие как целого и частного является динамичным и не всегда достоверно прогнозируемым, так как довольно сложно учитывать действие множества внутренних и внешних шоков, носящих политический, общеэкономический и социальный характер [1].

В соответствии с действующим законодательством о занятости населения государство проводит политику содействия реализации прав граждан на полную, продуктивную и свободно избранную занятость. Законом Кыргызской Республики «О содействии занятости населения», принятого в 2015 г., гражданам гарантируются [2]:

- 1) свобода выбора рода деятельности, профессии (специальности), вида и характера труда;
- 2) содействие в подборе подходящей работы и трудоустройстве при посредничестве органов государственной службы занятости;
- 3) получение бесплатных услуг по профессиональной ориентации, профессиональной подготовке, переподготовке и повышению квалификации по направлению уполномоченных государственных органов;
- 4) получение стипендии в период профессиональной подготовки, повышения квалификации, переподготовки по направлению уполномоченных государственных органов, в том числе в период временной нетрудоспособности, за исключением обучения по чеку на обучение;
- 5) предоставление финансовой поддержки официальным безработным, желающим заниматься предпринимательской деятельностью, с возвратом основной суммы в республиканский бюджет;
- 6) участие в программах оплачиваемых общественных работ;
- 7) выплата пособия по безработице официальным безработным, в том числе в период их временной нетрудоспособности.

В трансформационный период в Кыргызской Республике произошли коренные изменения в области социально-трудовых отношений. В частности, изменилась структура занятости, произошла диверсификация форм занятости, появилась безработица, сформировался рынок труда, приобрела устойчивый характер трудовая миграция.

Следует сказать, что особенностью Кыргызстана является высокий естественный прирост населения, который ежегодно увеличивается за 2010–2014 гг., что обусловило рост численности населения с 5,5 млн чел. до 5,9 млн чел. (табл. 1). Соответственно растет доля граждан трудоспособного возраста, которая в 2014 г. составила 61,1 % всего населения. Таким образом, имеется достаточно высокий трудовой потенциал.

В то же время в преимущественно аграрной стране, какой является Кыргызстан, рост трудовых ресурсов в условиях нестабильного экономического роста, прерываемого политическими и социально-экономическими кризисами, приводит к трудоизбыточности. Поэтому, как подчеркивают исследователи, для национального рынка труда характерным является долговременный дисбаланс спроса и предложения рабочей силы.

Основные демографические показатели Кыргызстана

Показатели	2010 г.	2011 г.	2012 г.	2013 г.	2014 г.
Население (на конец года), тыс.чел.	5477,6	5551,9	5663,1	5776,6	5895,1
Естественный прирост, тыс.чел.	109,9	113,7	118,7	120,6	126,2

Примечания. Составлено автором на основании [3].

Занятость и безработица — это основные показатели рынка труда, которые учитываются и при определении уровня социальной стабильности. Так, исходя из рисунка 1, на котором приведены данные трех переписей населения Кыргызской Республики в 1989, 1999 и 2009 гг., можно сказать, что современная структура занятости в республике является типичной для стран с относительно низким доходом на душу населения.




Рисунок 1. Распределение занятого населения в Кыргызской Республике по секторам экономики (в %, по данным переписей 1989, 1999 и 2009 гг.)

Для нее характерны резкое снижение за 10 лет в 2,5 раза удельного веса работающих в производственном секторе (с 26,6 % в 1989 г. до 10,3 % в 1999 г.) с последующим небольшим его ростом до 14,3 %, а также рост занятости в аграрном секторе (с 32 % в 1989 г. до 46,2 % в 2009 г.) и сфере услуг, которая обеспечивает в городах почти 72 % всех имеющихся рабочих мест и 26,2 % мест в сельской местности.[4]

В Кыргызстане за последние годы численность занятого населения увеличилась (в основном за счет развития крестьянских, фермерских хозяйств) с 2243,7 тыс. человек в 2010 г. до 2302,7 тыс. человек в 2014 г. Однако уровень занятости изменился незначительно: с 58,66 % в 2010 г. до 57,3 % в 2014 г. (табл.2). На наш взгляд, этот уровень является достаточно высоким, учитывая многодетность семей в среднем по республике и связанную с ней незанятость женщин. Большая часть населения трудится в сельском хозяйстве (31,2 %), на торговлю, гостиничный и ресторанный бизнес приходится 18,7 %, в строительстве и промышленности заняты соответственно 10,7 % и 8,6 %, на транспорте и связи задействованы 6,6 % граждан.

Незанятое население распределяется на две неравных группы. Большая часть относится к экономически неактивному населению, которое в 2014 г. составило 61,2 % от общего числа занятых, или 1372,2 тыс. человек. В эту группу включают учащихся дневных форм обучения и граждан, не работающих по различным причинам.

Значительно меньшую группу составляют граждане, признаваемые безработными по стандартам Международной организации труда. Согласно экономическим взглядам, безработица выполняет определенные полезные функции, и в частности, стимулирует реструктуризацию занятости,

способствует стремлению человека к повышению личной конкурентоспособности и др. В то же время безработица может привести к социальной нестабильности, если резко возрастает число лиц, которые длительное время не могут найти работу. Кроме того, долгосрочная безработица ведет к профессиональной и моральной деградации части рабочей силы. Все это предопределяет повышенное внимание государства к данному показателю. В 2014 г. в стране насчитывалось 201,5 тыс. безработных, что меньше по сравнению с 2010 г. (табл. 2), поэтому уровень безработицы снизился на 0,6 п.п. (с 8,6 % до 8,0 %), однако он не является критическим.

Т а б л и ц а 2

Основные показатели рынка труда Кыргызстана за 2010–2014 гг.

Показатели	2010 г.	2011 г.	2012 г.	2013 г.	2014 г.
Занятое население, тыс.чел.	2243,7	2277,7	2286,4	2263,0	2302,7
Уровень занятости, %	58,6	59,3	58,8	57,2	57,3
Безработные, тыс.чел.	212,3	212,4	210,4	205,7	201,5
Уровень безработицы, %	8,6	8,5	8,4	8,3	8,0

Примечание. Составлено автором на основании [3].

Существует достаточно большой разброс уровней безработицы в зависимости от региона республики, который связан с различиями в уровнях жизни населения, и диверсификации видов деятельности, а также типом местности. В региональном разрезе наибольшие уровни безработицы (выше среднереспубликанского) отмечались в Баткенской, Нарынской, Чуйской областях и г.Бишкеке. Уровень безработицы в сельской местности ниже, чем в городской, в 2014 г. он составил 7,3 % против 10,4 %. Такая ситуация объясняется, с одной стороны, наличием в собственности семьи земельного надела, что позволяет отнести ее членов к занятым гражданам, а с другой — высокой трудовой миграцией в Россию и Казахстан, которая характерна именно для сельской местности в силу ее трудоизбыточности.

Из общего числа безработных граждан в службе занятости республики регистрируется в среднем треть, поэтому отмечается невысокий уровень регистрируемой безработицы. Так, в 2014 г. он составил 2,6 %, снизившись на 0,5 пункта по сравнению с 2010 г. (3,1 %). К основным причинам создавшегося положения, на наш взгляд, можно отнести следующие:

1) проблема сбора вакансий в службе занятости: неудовлетворительное качество заявленных вакансий (в первую очередь с низкой оплатой труда), несоответствие их структуры профессионально-квалификационной структуре безработных; недостаточное число вакансий; неоперативное обновление банка вакансий;

2) маленький размер пособия по безработице (от 250 до 625 сомов) и зависимость права на его получение от стажа страховых взносов (не менее 1 года), что снижает его привлекательность в глазах потенциальных клиентов;

3) расширение потоков трудовой миграции;

4) трудоустройство через посредников (родственников, друзей и др.) в теневой экономике;

5) сложности институционального характера.

Несмотря на указанные проблемы, можно отметить хорошую результативность работы государственной службы занятости. Предпочтение в повседневной деятельности отдается проведению мероприятий активной политики на рынке труда: трудоустройство на заявленные вакансии, организация временной занятости, направление на профессиональное обучение и переобучение, содействие самозанятости безработных посредством микрокредитования.

Как видно из рисунка 2, по многим показателям наблюдается положительная динамика: в 2010 г. было трудоустроено 44,2 тыс. человек (100,7 % к 2009 г.), на общественных работах трудились 26,1 тыс. человек (111,6 % к 2009 г.), переучились на новую профессию или повысили свою квалификацию 8,6 тыс. человек (102,6 % к 2009 г.). В то же время на 4,1 % снизилось число участников программы по микрокредитованию (с 2120 человек в 2009 г. до 2034 человек в 2010 г.), что связано с проблемой пополнения кредитного портфеля микрокредитных агентств.

Анализ показателей профобучения за 2000–2010 гг. позволяет сделать вывод, что данная услуга очень востребована молодежью (ее доля в общем числе обучающихся превышает 73 %), которая из-за

бедности не в состоянии самостоятельно оплатить учебу на курсах профподготовки. Кроме того, доказанным фактом является рост личной конкурентоспособности, так как около 80 % из числа прошедших обучение впоследствии находят себе работу. Это свидетельствует о высокой отдаче используемых бюджетных средств.




Рисунок 2. Активные меры на рынке труда Кыргызской Республики в 2009–2010 гг., чел.
(составлено автором на основании [3])

Видное место в решении проблем безработицы занимают оплачиваемые общественные работы, которые предназначены для обеспечения временной занятостью безработных граждан, а также на улучшение социальной инфраструктуры регионов республики.

Микрокредитная программа началась в Джалал-Абадской области в 1998 г. и затем была распространена на другие регионы республики. С момента образования и по 2010 г. включительно системой микрокредитования были охвачены 25 тыс. безработных граждан. Однако желающих получить микрокредиты значительно больше, так как их привлекают льготные условия кредитования (срок до 1 года, процентная ставка от 10 до 15 процентов годовых), но недостаточная сумма кредитного портфеля микрокредитных агентств не дает возможности расширить круг участников микрокредитных программ.

Подводя итог анализу состояния рынка труда и занятости в Кыргызстане, можно сделать вывод, что для устойчивого экономического развития в республике имеется в наличии достаточный трудовой потенциал, максимальное использование которого возможно за счет ввода в действие новых рабочих мест. Это обуславливает необходимость проведения государственной политики по созданию благоприятных условий для деятельности малого и среднего бизнеса, а также привлечения иностранных инвестиций и финансовых средств населения в экономику. Однако современная экономическая ситуация в стране не позволяет обеспечить занятость всех трудоспособных граждан на постоянных рабочих местах, несмотря на возникновение новых производств, расширение действующих предприятий и т.д. Поэтому в ближайшей перспективе сохранятся существующие масштабы внешней трудовой миграции. В целом увеличение занятости на эффективных рабочих местах ведет к росту легальных доходов населения и соответственно к сокращению уровня бедности в стране.

Следует заметить, что вопросы благосостояния и человеческого развития являются одними из ключевых экономических проблем. Обращаясь к этой теме, еще древние мыслители утверждали, что человек должен рассматриваться не только как средство увеличения производства, но и как важнейшая цель развития. основоположник «кембриджской школы» А.Маршалл подчеркивал, что «производство богатства — это лишь средство для поддержания жизни человека, удовлетворения его потребностей и развития его сил — физических, умственных и нравственных. Но сам человек — главное средство производства этого богатства, и он же служит конечной целью богатства...» [5].

Заработная плата является основным показателем, характеризующим уровень жизни граждан. Поэтому рассмотрим среднемесячную заработную плату в Кыргызской Республике с 2000 по 2014 гг. (табл.3).

Среднемесячная заработная плата в Кыргызской Республике

Годы	Среднемесячная номинальная заработная плата		Отношение среднемесячной заработной платы к прожиточному минимуму трудоспособного населения, %
	Сомы	Доллары США	
2000	1227,0	25,7	85,6
2001	1455,1	30,0	93,3
2002	1684,4	35,9	102,3
2003	1916,0	43,8	105,9
2004	2240,3	52,5	111,5
2005	2612,5	63,7	122,8
2006	3270	81,4	124,8
2007	3970	106,4	128,8
2008	5378	147,1	136,8
2009	6161	143,6	170,0
2010	7307	159,0	187,1
2011	9304	197,9	211,9
2012	10726	233,2	247,1
2013	11341	241,3	246,6
2014	12285	261,4	246,6

Примечание. Составлено автором на основании [3].

Как свидетельствуют данные таблицы 3, с 2000 г. наблюдается повышение среднемесячной номинальной заработной платы. Если в 2010 г. среднемесячная зарплата составила 1227 сомов, то в 2014 г. она увеличилась в 10 раз и составляет 12285 сомов.

Несмотря на ежегодный рост среднемесячной номинальной заработной платы, ее размер не достигал прожиточного минимума трудоспособного населения вплоть до 2002 г., когда уровень заработной платы впервые превысил размер прожиточного минимума на 2,3 %, а в последующие годы эта разница увеличилась ещё больше, и в 2014 г. превышение составило уже 246,6 %. Здесь следует сказать, что несмотря на указанную положительную динамику, на наш взгляд, существуют манипуляции при расчете минимального прожиточного уровня на методологическом уровне, связанном с выбором норм. Кроме того, можно привести и такой факт: в 2013 г. для трудоспособного населения прожиточный уровень составлял 4599,21 сома, а в 2014 г. — 4981,51 сома. Никакого снижения цен в 2014 г. не наблюдалось, инфляция составила 106,8 %, тогда чем же можно объяснить уменьшение данного расчетного показателя?

Различные положения отдельных профессиональных и отраслевых групп влияют на рынок труда, и это приводит к межотраслевой дифференциации уровня заработной платы. В 2014 г. работники финансовой сферы, транспорта и связи, обрабатывающей промышленности, строительства, государственного управления, гостиничного и ресторанного бизнеса получали наиболее высокие среднемесячные заработные платы по сравнению с работниками сельского и лесного хозяйства, а также образования, здравоохранения и социального обслуживания.

В последние годы наблюдается влияние региональных аспектов на дифференциацию заработной платы. По нашему мнению, данный фактор связан со следующими причинами: различный экономический потенциал регионов, неэффективное государственное управление, увеличение числа нерентабельных предприятий и т.д. В результате центр тяжести социальных проблем приходится на региональный уровень.

Неравномерность и несбалансированность экономического развития по территориям обусловлены как их географическим расположением и отдаленностью, так и существующими различиями в размещении производственной и социальной инфраструктуры, доступности к ресурсам и основным видам услуг.

Все это вместе взятое приводит к несоответствию предложения рабочей силы реальному спросу на рынке труда и уровня расходов на достижение поставленных целей для реализации политики на рынке труда, а также к появлению «черного» рынка труда. Черный рынок труда нелегально использует дешевую рабочую силу с целью максимизации доходов.

Черный рынок в Кыргызстане характеризуется следующими особенностями:

- в отличие от России и Казахстана, где в основном работают гастарбайтеры из других стран, на нашем рынке в основном работают местные жители;
- в последние годы на полевые работы южных регионов нашей республики привлекаются граждане Узбекистана и Таджикистана;
- наемные работники привлекаются для черного рынка, без официального оформления, медицинской страховки, отпусков и прочих социальных благ, у них сильно затруднен доступ к различным социальным программам.

Сегодня в городах республики и крупных районных центрах возникли и существуют своеобразные теневые биржи труда. В эти структуры стекаются заявки от работодателей преимущественно из неформального сектора экономики. Существуют также стихийные рынки труда, расположенные около крупных базаров, на перекрестках оживленных дорог и т.д. Например, в городе Ош стихийная биржа труда функционирует на пересечении улиц Навои и Привокзальной. В Бишкеке черная биржа труда долгое время находилась на бул. Молодой Гвардии, а в настоящее время вытеснена на ул. Л.Толстого (в районе бульвара). Постоянные клиенты этих бирж относятся к так называемым неформальным безработным, которые заинтересованы в разовых видах работ.

Отмеченные на протяжении ряда лет положительные тенденции на национальном рынке труда не могут заслонить главного — наличия долговременного дисбаланса спроса и предложения на рынке труда. Во всех сельских регионах страны при сохранении высокой рождаемости и среднего уровня смертности наблюдается переизбыток предложения рабочей силы на местных рынках труда. В то же время политические и социально-экономические факторы развития Кыргызстана препятствуют росту такого спроса работодателей, который выражается в увеличении числа создаваемых рабочих мест с достойной оплатой труда.

Таким образом, проведенный анализ состояния рынка труда позволяет сделать вывод, что за годы трансформации республике так и не удалось стабилизировать положение на рынке труда. Он, по-прежнему, остается разбалансированным: предложение незанятой рабочей силы значительно превышает спрос работодателей. И даже высокий уровень внешней миграции не в состоянии снять эту проблему, решить вопросы обеспечения эффективной занятости, снижения безработицы до естественного уровня и сокращения бедности населения. Сложившееся положение на рынке труда является детонатором протестных отношений, создает взрывоопасную обстановку, что во многом мешает и сдерживает переход на путь модернизации экономики.

Список литературы

- 1 Савина С.Е., Мурзатаева Г.К., Нурумова И.Т. Региональные аспекты развития рынка труда // Вестн. Караганд. ун-та. Сер. Экономика. — 2014. — № 3. — С. 114–120.
- 2 Закон Кыргызской Республики «О содействии занятости населения» от 3 августа 2015 года № 214. — [ЭР]. Режим доступа: <http://cbd.minjust.gov.kg/act/view/ru-ru/111258>.
- 3 Кыргызстан в цифрах. Статистический сборник Национального статистического комитета КР. — Бишкек: Национальный статистический комитет КР, 2015. — 380 с.
- 4 Савина С.Е. Модернизация системы подготовки и использования рабочей силы. — Бишкек: Изд-во БГУ, 2010. — С. 115–116.
- 5 Маршалл А. Принципы политической экономии. — Т. 1. — М.: Прогресс, 1983.

И.Т.Нурумова

Кыргыз Республикасы еңбек нарыгының өзекті мәселелері

Макалада Кыргыз Республикасының еңбек нарыгының қазіргі заманғы негіздері зерттелген. Еңбек нарығындағы әлеуметтік және еңбек қатынастары саласындағы мемлекеттің рөлі табылған. Кыргыз Республикасының негізгі демографиялық көрсеткіштері талданған. Халықтың өмір сүру деңгейін сипаттайтын маңызды көрсеткіштер анықталған. Кыргызстандағы жұмысқа жарамды халықтың ең төменгі күнкөріс деңгейінің орташа жалақы қатынасы сипатталған. Жұмыссыздар еңбек күшінің сұранысы жұмыс берушілердің ұсынысынан асып отырғаны атап өтілген.

I.T.Nurumova

Actual labor market problems of the Kyrgyz Republic

This article was researched modern foundations of the labor market of the Kyrgyz Republic. The article has been revealed the role of the state in the field of social and labor relations in the labor market. The author analyzed the basic demographics of the Kyrgyz Republic. The article identifies the most important indicators that characterize the living standards of the population. The author described the attitude of the average monthly wage to the subsistence minimum working age population in Kyrgyzstan. The article notes that the proposal unemployed labor force is much exceeds the demand of employers.

References

- 1 Savina S.E., Murzatayeva G.K., Nurumova I.T. *Bull. of the Karaganda University. Ser. Economy*, 2014, 3, p. 114–120.
- 2 The Kyrgyz Republic Law on «Promotion of Employment» on August 3, 2015 № 214, [ER]. Access mode: <http://cbd.minjust.gov.kg/act/view/ru-ru/111258>.
- 3 *Kyrgyzstan in figures*. Statistical compilation of the National Statistical Committee of the Kyrgyz Republic, Bishkek: National Statistical Committee of the Kyrgyz Republic, 2015, 380 p.
- 4 Savina S.E. *Modernization of the system of training and the use of labor*, Bishkek: BSU publ., 2010, p. 115–116.
- 5 Marshall A. *Principles of Political Economy*, Moscow: Progress, 1, 1983.

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ МЕНЕДЖМЕНТ ЖӘНЕ МАРКЕТИНГТІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОГО МЕНЕДЖМЕНТА И МАРКЕТИНГА

ACTUAL PROBLEMS OF MODERN MANAGEMENT AND MARKETING

ӘОЖ 35.08:331.108.4

Қ.Қ.Садықова

*Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, Астана
(E-mail: kuralaisadik@mail.ru)*

Кәсібилік мемлекеттік қызметшілердің бәсекеге қабілеттілігінің маңызды заманауи факторы ретінде

Мақалада мемлекеттік басқарудың жаңа сипаты қалыптасқан заманауи үрдістер жағдайында мемлекеттік қызмет жүйесін жетілдіру сұрақтары қарастырылды. Мемлекеттік қызмет жүйесін тиісті нәтижелі, ашық және тиімді ұйымдастырудағы мемлекеттік қызметшілер корпусының ұтымды жабдықталуының рөлі анықталды. Мемлекеттік қызметті білікті, құзыретті және кәсіби мамандармен қамтамасыз етудің кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастырудағы сипаты зерттеліп, мемлекеттік қызметшілердің бәсекеге қабілеттілігінің маңызды факторы ретінде кәсібилік мәселесі ерекшеленді. Қоғамдық құбылыстардың өзгеруіне байланысты мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігіне қойылатын талаптардың да өзгеру тұлпараты мен қазіргі кездегі қалыптасқан ағымдардың ерекшеліктері сипатталды. Мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігі мен құзыреттілігіне қатысты институттық реформалардың негізіндегі тың өзгерістер мен жаңалықтарға зерттемелік талдау жасалды.

Кілт сөздер: мемлекеттік басқару, мемлекеттік қызмет, мемлекеттік қызметші, мемлекеттік қызметтің қағидаттары, институттық реформа, кәсіби мемлекеттік аппарат, жаңа мемлекеттік менеджмент, кәсібилік, құзыреттілік, меритократия, кадрлық жұмыс.

Мемлекеттік басқарудың заманауи теориясында мемлекеттік басқарудың тиімділігі сұрақтарына зор көңіл бөлінеді. Қазақстан тәуелсіздік алған сәтінен бастап елдің ұзақ мерзімді дамуының басты элементі ретіндегі мемлекеттік басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыру негізгі мәселелердің бірі болып келеді. Сол уақыттан бастап мемлекеттік басқаруды тиімді ұйымдастыру бойынша жүргізілген әкімшілік реформалар заманына сай сын-қатерлерге төтеп беру мен мемлекеттік қызметті тың нысандар мен әдістерге негізделе отырып, ұтымды ұйымдастыруға бағытталған.

Тиімді әрі білікті мемлекеттік аппаратты қалыптастыру бағыты мемлекеттің негізгі бағдарламалық құжаттары мен стратегиялық жоспарларында алдыңғы қатарға қойылып келеді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан — 2050» Стратегиясында мемлекеттің жаңа саяси бағытын айқындай отырып, негізгі басымдықтардың қатарына «кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыру, ...басқарушылардың заманауи әрі тиімді корпусын құру» міндетін қойып, «барлық азаматтар тең құқықтар мен мүмкіндіктерге ие болатын кадрларды іріктеу мен жоғарылатудың жүйесі мемлекеттік аппарат қызметінің кәсібилігі мен ашықтығының барынша жоғары деңгейін қамтамасыз ететіндігін» анықтады [1].

2015 жылдың наурыз айындағы Елбасы Н.Ә.Назарбаевпен ұсынылған бес институттық реформаның ең негізгі бағыттарының бірі ретінде қазіргі уақыттағы сын-қатерлерге төтеп бере алатын кәсіби автономды мемлекеттік аппараттың жаңа үлгісін құру айқындалды [2]. Реформаны жүзеге асыру жөніндегі «100 нақты қадам» Ұлт жоспары кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыру жолындағы жасалуы тиіс негізгі ұстанымдарды ұсынды [3].

Институттық реформалардың жүзеге асырылуының алғашқы көріністерінің бірі, 2015 жылғы 25 қарашада қабылданып, 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» жаңа Заңы мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігі қағидасын жүзеге асыруға тың негіздемелерді бекітті [4].

Жоғарғы білікті, кәсіби шындалған әрі тиімді ұйымдастырылған мемлекеттік қызмет пен ұтымды басқару құрылымын қалыптастыруда ерекше орын оған жұмылдырылған адами капитал мен мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігіне беріледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев мемлекеттік қызметшіге тән болуы тиіс, елді ұтымды басқаруда қажет болатын негізгі қасиеттерді анықтап берді. Олар — жоғарғы моральдық жауапкершілік, кәсіби білім, оларды тәжірибеде оңтайлы қолдана білу, адалдық, белсенді өмір ұстанымы. Мемлекеттік қызметтегі кез келген адам өз қызметінің ерекшелігін жете түсініп, өз еліне адал қызмет етуге дайын болуы шарт.

Құбылмалы қоғамдық қатынастар мемлекеттік қызметшілерге қойылатын талаптардың да өзгеріп отыруына негіз болады. Мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігіне де қойылатын талаптар қоғамда болып жатқан өзгерістермен тікелей байланысты екендігі белгілі. Мемлекеттік қызметшілердің кәсіби қызметін жетілдіру сұрақтары осы уақытқа дейін де аса өзекті сұрақтардың бірі болып келгендігі сөзсіз. Кеңестік дәуірдегі қалыптасып қалған әкімшіл-әміршіл жүйенің басқару дәстүрлерінен түбегейлі бастартып, басқарушылардың заманауи әрі тиімді корпусын қалыптастыруға бет бұрған кезде осы корпусты құрайтын мемлекеттік қызметшілерді даярлау мен кәсіби мамандандыру сұрақтары алдыңғы қатарға қойылады.

Ресми статистикалық мәліметтерге сүйенсек (соңғы рет бұрынғы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен жүргізілген мемлекеттік қызмет кадрларының мониторингына сәйкес), Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметшілердің сандық және сапалық көрсеткіштері келесідей: 2015 ж. 1 қаңтардағы жағдайға сай мемлекеттік қызметшілердің штаттық саны 99 318 бірлікті құрайды: саяси мемлекеттік қызметшілер саны — 406 бірлік (мемлекеттік қызметшілердің жалпы штаттық санының 0,4 % құрайды); әкімшілік мемлекеттік қызметшілер саны — 98 912 бірлік (мемлекеттік қызметшілердің жалпы штаттық санының 99,6 % құрайды), олардың 513-і — «А» корпусын, 98 399 бірлігі «Б» корпусын құрайды.

Экономикалық белсенді тұрғындарға қатысты мемлекеттік қызметшілердің үлестік санына жасалған талдау Қазақстанда мұндай көрсеткіш 1,1 % көлемінде екендігін көрсетті. Бір мемлекеттік қызметшіге 171,6 азамат шақ келеді.

Мемлекеттік қызметшілердің білімдік және интеллектуалдық деңгейінің жоғарылағанын байқауға болады. Мәселен, соңғы жылдары жоғарғы білім бар мемлекеттік қызметшілердің үлесі 2010 ж. 80 %, 2013 ж. 89,3 %-дан 2015 ж. 89,7 %-ға көтерілген. Бұл көрсеткіш өте жоғары көрсеткіш болып табылады. Жұмыс өтілі 5 жылдан асқан мемлекеттік қызметшілердің үлестік саны 70 %-ды құрап (соның ішінде 5 жылдан 10 жылға дейін — 24 %, 10 жылдан жоғары — 46 %), 2013 ж. 43 %-дан 2015 ж. 57 %-ға дейінгі көрсеткіштен жоғарылағанын көрсетеді [5]. Мұның барлығы — мемлекеттік қызметке меритократия және сапалы іріктеу негізінде білікті мамандардың келетіндігінің айғағы.

Мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігі мен құзыреттілігінің қалыптасқан түрлі үлгілері соңғы уақытта мемлекеттік қызметке қатысты жаңа концептуалдық ағымдардың пайда болғандығын сипаттайды. Оның негізгі мәні басқарудың дәстүрлі бюрократиялық әдістерінен алшақ *new public management* — «жаңа мемлекеттік менеджмент» — мемлекеттік қызметшілердің кәсіби дамуына зор көңіл бөлетін кәсіби мемлекетке ауысудың қазіргі кездегі ағымының басым бағыт алуында. «Жаңа мемлекеттік басқару» тұжырымдамасының мемлекеттік менеджмент, мемлекеттік әкімшілік ету (*public administration*), мемлекеттік әкімшілік басқаруда азаматқа тұтынушы ретінде қарау сияқты қағидаларын енгізу, бірінші кезекте, сапалы мемлекеттік қызмет көрсету мен тиімді басқару үшін мемлекеттік қызметке білікті де кәсіби менеджерлердің келуіне үлкен мүмкіндіктер береді.

Қазіргі кезең — бизнес-үрдістердің ұтымды әдістерін мемлекеттік қызметке қолдану мен жеке немесе квазимемлекеттік секторларда білікті мамандарды тартуға қолданылатын кадрлық технологияларды мемлекеттік қызметке дарынды да жоғарғы білікті мамандарды жұмылдыру үшін кеңінен қолдануға бет бұрған кезең. Барлық дамыған өркениетті елдерде мемлекеттік қызметшілер корпусының 3–6 %-ның жаңартылып отыруы заңды құбылыс. Зейнетке шыққандардың, отставкаға кеткендер мен өзге де себептермен мемлекеттік қызметтен шыққандардың орнын жаңа кәсіби машықталған мамандармен толықтырып отыру кадрлық жұмыстың негізгі технологияларының бірі болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігі сұрақтары осы уақытқа дейін әлеуметтанушылармен, психологтармен, педагогика саласының мамандарымен зерттелгенімен, заңгерлер, саясаттанушылар мен басқару саласының, кадрлық жұмыс саласының мамандарымен тиісті деңгейде қарастырылмаған. Мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігіне берілетін түсіндірмелер мен анықтамалар, әдетте, бір жақты түрде, бір ғылым саласының көзқарасы тұрғысын ғана (әлеуметтік-психологиялық, өнегелік, әдептік және өзге де көзқарастар) зерттеледі.

Мемлекеттің әлеуметтік, құқықтық құрылым ретіндегі сипаты мен міндеттерінің өзгеруіне байланысты мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігін кешенді түрде зерттеу қажеттіліктері туындайды. Тұжырымды негізделген, біркелкі көзқарасты қалыптастырып алмайынша, концептуалды олқылықтарды жоймайынша, ескі жүйеден қалған таптаурын сипаттамаларды жоққа шығармағанша мемлекеттік қызметшінің кәсібилігі (құрылымы, негізгі белгілері, бағалау өлшемдері) туралы дұрыс ой қалыптастыру мүмкін емес.

Кадрлық жұмысты кәсіби қамтамасыз етуде, мемлекеттік қызметшілерді іріктеу мен олардың қызметінің тиімділігін бағалауда «қызметшінің үлгісін» қалыптастыру қазіргі кезде ғалымдардың көпшілігінің назарын аударуда. Осы орайда отандық зерттеушілермен (Б.С.Абдрасилов, А.Г.Мұхамеджанова, А.Б.Майдырова және тағы басқалар [6–8]) мемлекеттік қызметтің өзекті мәселелерін зерттеу пен мемлекеттік қызметшілерді даярлау мен олардың кәсібилігін жетілдіру сұрақтары бойынша көптеген тың зерттеулер жасалып, қомақты ұсыныстар келтірілгендігін атап өтуіміз абзал.

Персоналдың кәсібилігін бағалау барысында оның тек жеке тұлғалық қасиеттерін (арнайы білімі, тәжірибесі, жеке-іскерлік, өнегелік) ғана емес, олардың мемлекеттік қызметтің қандай да бір деңгейі мен түріне сай біліктілік талаптарға сай келуі жағдайын да ескерген маңызды. Өкінішке орай, арнайы ғылыми зерттеулер мемлекеттік қызметшінің кәсіби-психологиялық үлгісін жасауға басым назар аударып, олардың тиісті біліктілік талаптарына сай келуін анықтауға тиісті көңіл бөлмейді.

Әрине, мемлекеттік қызметшінің мінсіз үлгісін қалыптастыру мүмкін емес. Осы уақытқа дейін мемлекеттік қызметшінің заманауи жағдайларға бейімделген жаңа типтік тұрпаты мен үлгісіне ғылыми жан-жақты негізделген анықтама берілген жоқ.

Жаһандану үрдістері аясында тек ұлттық жүйеде ғана емес, жалпы әлемде болып жатқан ғаламдық үрдістер әр мемлекеттің ішкі құрылымдарына зор ықпалын тигізе отырып, оларды әлемдік үлгілерге сәйкестендіру қажеттіліктерін туындатады. Демократия мәдениеті мен жаңа мемлекеттік менеджмент басқарушылық еңбек мәдениетіне деген талапты өзгертеді, оған жаңа кейіпін беріп, кәсібилік деңгейін жоғарылатады. Мұндай сипаттаманы Г.В.Атаманчук пен Н.М.Кейзеров айтқандай, «қоғамдық институттарға бет бұру, бір жағынан, нақты басқарушылық міндеттерді атқару барысында пайдалану, екінші жағынан — басқару арқылы оларды қалыптастыру, сақтау және нығайту» екендігін көреміз [9].

Мемлекеттік қызметті кәсібилендіруге одан әрі ерекше ден қойылуда. Кәсібилендіруді еңбек құрамының басқарушылық сипатының артуы, кәсіби білімдерді, дағдылар мен әдеттерді игеруге ұмтылыс, мемлекеттік қызметшілердің құқықтық және әлеуметтік мәртебесіне деген сұраныс, олардың салыстырмалы түрдегі дербестігі, жаңа кәсіби мәдениеттің қалыптасуы ретінде анықтауға болады. Дегенмен мемлекеттік басқару органдарының алдына қойылған қызметін жетілдіру бойынша міндеттер қоғамдық үрдістердің қарқынына ілесе алмай жатады. «Басқару органдарының құрылымы мен функционалдық міндеттері елдің стратегиялық бағыттарымен анықталады. Егер мемлекеттік қызметшілер стратегия жайлы білмесе, олардың қызметінің басты мақсаты жеке қауіпсіздігі үшін сыбайластыққа көшу болып кетеді», — деп анықтаған В.И.Жуков [10].

Қазіргі қазақстандық жағдайда мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігі мәселесі қызметшілер тарапынан тұрғындарға қатысты біліксіз шешімдер қабылдауы мен заңсыз әрекеттерге орын беруі салдарынан зиян көру деректерінің орын алуымен негізделеді. Сондықтан кез келген қызмет саласы болсын қызметшілердің кәсібилігін арттыру қоғамның кадрлық пәрменін дамытудың алдыңғы қатардағы мақсаты болып отыр.

М.Вебер өз кезегінде кәсіби мамандар оңтайланған әлемнің негізгі қайраткерлеріне айналады деп атап өткен болатын. Веберлік білікті маманға қазіргі заманғы адамның белгілері тән. Бір жағынан алғанда, «кәсіби маман — ұтымды әрекет етеді, себебі әлеуметтік өмірдің тиісті саласында қалай әрекет ету керектігін тек сол ғана нақты біледі» [11]. Екінші жағынан, кәсіби маман белгілі бір өмір саласында білімдер мен дағдылардың жиынтығы ретіндегі мамандықты игеріп ғана қоймай, кәсіби этика нормаларын сақтайды, қоғам алдындағы тиісті борышын өтейді.

Т.Парсонс: «Кәсіби мамандардың топтары қазіргі кездегі қоғам құрылымының жалғыз ғана ең маңызды құрамдас бөлігі болып отыр. Ол ең бірінші «мемлекетті» бұрынғы қолданған мағынасынан ығыстырып, соңғы кезде экономиканың «капиталистік» құрылымын жоққа шығара алды. Еңбек бөлінісінің капиталистік немесе социалистік жүйелерінің орнына кәсіби мамандар топтарының көптеп пайда болуы — жиырмасыншы ғасырлық қоғамның даму көрінісі», — деп жазды [12].

Сонымен қатар ол кәсіби маманды сипаттайтын нақты шарттарды анықтайды. Бірінші шарт — формалды техникалық даярлықтың болуы. Білім беру жүйесі мен білім алған тұлғалардың арасындағы байланысты қалыптастыратын институционалдық үлгі қалыптасады. Оқыту үрдісі кәсіби маман үшін интеллектуалдық қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Екінші шарт — алған кәсіби білімдерін жүзеге асыру үшін дағдылардың болуы. Үшінші шарт — кәсіби маманның құзыреттері қоғам үшін қызмет етуге мүмкіндік беретіндігіне сенімділігінің болуы [13].

Кәсіби мамандар қандай да бір биліктік ресурсқа қол жеткізген кезде әлеуметтік маңызды топқа айналады. Кәсіби билік ерекше әлеуметтік құрылымға ие. Бұл, ең алдымен, «техникалық құзыретке» негізделген. Бірақ көп жағдайда әлеуметтік мәртебесіндегі, интеллектуалдық жетістіктері мен моральдық сипаттағы артықшылықтарды белгілейді. Кез келген кәсіби маман өз қызметінің аясында басымдыққа жетуді көздейді.

Бұған қатысты бірқатар ғалымдар кәсібилікті қандай да бір қызмет аясында жоғарғы деңгейдегі кемеліне жету, шеберліктің шыңы, өз қызметін жоғарғы деңгейде атқару деп көрсетеді. Кәсібилік — тұлғаның қызметтік міндеттемелерді ұзақ уақыт бойы орындау үрдісінде туындайтын, ерекше жағдайларда күрделі кәсіби міндеттерді шешуді сапасы жағынан жаңа, тиімді деңгейде қамтамасыз ететін кәсіби, психофизикалық, психикалық және тұлғалық өзгерістердің ең жоғарғы деңгейі деп анықтауға болады. Кәсіби маманның тұлға ретінде қалыптасуы үш бағытта жүреді: 1) барлық қызмет ету жүйесі өзгереді, соның негізінде кәсіби шеберлік қалыптасады; 2) субъектінің тұлғасы өзгереді, ол кәсіби сананың тиісті элементтерінен көрініс табады; 3) субъектінің қызмет ету объектісіне ұстанымына тиесілі құрамдар өзгереді, бұл объект жайлы мәліметтерді иелену деңгейімен анықталады [14].

Ерекше әлеуметтік құрылымның өкілдері ретіндегі кәсіби мамандарға келесі белгілер тән: теоретикалық білімге негізделген дағдыларды қолдану аясында жұмыспен қамтылуы; арнайы білімі мен дағдыларының болуы; қызмет атқаруы үшін қажетті құзыреттілік деңгейінің болуы; қызметшінің мінез-құлық ережелеріне сай болуы; бекітілген қызметтік міндеттемелерін қоғам игілігіне сай атқару; кәсіби ұйымдарға мүше болу. Әдетте, кәсіби мамандардың әлеуметтік мәртебесі, дербестігі мен тәуелсіздігі, еңбек ақысы жоғары болады. Бұл ерекше мәртебе маманның қоғамға көрсететін қызметінің ерекшелігімен сипатталады.

Мемлекеттік қызметшілерді қоғамдық бағалау, кез келген санаттағы мемлекеттік қызметшінің кәсіби-өнегелік деңгейін сипаттау барысында мұндай бағалауды ескеру мемлекеттік қызметтің беделіне тікелей әсер ететін фактор болып табылады.

Т.И.Заславская мемлекеттік-басқарушылық қызметтегі төрт негізгі бағытты ерекшелеп көрсетеді:

1) саяси, бұл, ең алдымен, билік басындағы таптың (партияның) мәртебесін нығайту мен заңдастырумен тығыз байланысты. Бұған электоралды кампанияны ұйымдастыруды, билік партияларын құруды, парламенттік фракциялардың бақылауын, саяси көшбасшылардың имиджін қалыптастыруды және т.б. жатқызуға болады;

2) инфрақұрылымдық, атқару билігін қалыптастыру; басқару кадрларын іріктеу мен орналастыру; қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау; экономикалық және өзге де қылмыстылықпен күресу және т.б.;

3) экономикалық, экономиканың мемлекеттік секторын басқару; жеке кәсіпорындар мен кәсіпкерлік субъектілерінің қызмет ету жағдайларын реттеу; бюджеттік құралдарды бөлу; негізгі материалдық-қаржылық қорларды бақылау; мемлекеттік тапсырыстарды, лицензиялар мен жеңілдіктерді анықтау және т.б.;

4) әлеуметтік, бұл — билік пен қоғам арасындағы байланысты жүзеге асыру бағыты болып жатқан ішкі жағдайды қадағалау мен талдау; қоғамдық қақтығыстар мен мәселелерді бағалау; оларды шешу бойынша іс-шараларды атқару; қоғамның әлеуметтік әлсіз топтарының мүдделерін қорғау және т.б. [15].

Аталған функцияларды жүзеге асыру үшін мемлекеттік қызметші елдің әлеуметтік жағдайын білуі; заңға бағынуы; қызметтік мүдделерін жеке мүдделерінен айыра білуі; жоғарғы біліктілікке, сыбайлас жемқорлыққа төтеп бере алатын тұрақтылық қасиетіне ие болуы тиіс. Аталған қасиеттер батыстық рационалды бюрократия талаптарына тән белгілер. Қазіргі қоғам жоғарғы білікті, тұғырлы моральдық қасиеттерге ие, қызметтік борышын сапалы орындауға жауапты мемлекеттік қызметшілерді талап етеді.

Бүгінгі күні заманауи жаһандану мен жаңғырту үрдістерінің талаптары басқарушы кадрларға, олардың кәсіби және іскерлік деңгейлеріне, жұмыс істеу мәнері мен әдісіне зор ықпалын тигізеді. Осыған байланысты басшылар мен мамандардың кәсіби деңгейі мен біліктілік талаптарын бағалаудың да рөлі артуда. Бұған қатысты қазіргі кезде көзқарастар өзгеріп, көптеген жаңа отандық және шетелдік ағымдар орын ала бастады. Солардың ішінде ең негізгі төрт ағымды ерекшелеуге болады: эмпирикалық, функционалдық, мінездемелік, кешендік.

Эмпирикалық ағымның негізін кәсіби міндеттемелерді атқару үшін басқарушы адамға қажет мінездемелердің тізімін анықтау құрайды.

Ағымдағы ғасырдың басында Ф.Тейлор мінсіз басшыға тән қасиеттерді анықтауға ұмтылыс жасап, жұмысшыларды жұмыс істеуге тек физиологиялық деңгейдегі қажеттіліктерді ынталандыруға деген түйсік қана итермелейді деген теорияны қалыптастырып берген. Оның ойынша, мұндай қасиеттерге ақыл, білім, арнайы техникалық таным, физикалық ептілік пен күш жатқызылады. «Кез келген еңбек талданып, жүйелендіріліп, оқыту барысында кез келген адамға ұсынылуы мүмкін», — деп жазды ол [16].

Басқару саласын классикалық зерттеуші А.Файоль басшыны тиісті ұйымға қажет техникалық білімі бар жақсы әкімшілік етуші ретінде сипаттайды. Оның ойынша, басшыға бұдан басқа денсаулық, физикалық күш, интеллектуалдық және ақылды парасат, өнегелілік қасиеттер, жалпы мәдениетінің жоғарғы деңгейі, басқарудың негізгі мақсаттары жайлы қажетті мағлұматты білуі сияқты қасиеттер қажет [1]. Уақыт өте келе бұл қасиеттердің тізімі ұлғая берді. Эмпирикалық ағым көп жағдайда қарама-қайшылықтарға соқтығысып отырады. Мәселен, орта буындағы басшының міндеттемелерін тиімді орындайтын жұмысшы жоғарғы деңгейдегі басшының міндеттерін атқара алмайды және т.б.

Функционалдық ағымның ерекшелігі — басшының тікелей міндеттемелерін орындауға қатысты оның еңбегінің бағаланатындығында. Мұнда басшының тиімді қызмет етуіне қажетті қасиеттер жеке мүмкіндіктер есепке алынбай анықталады. Бұл ағым біржақтылықпен сипатталады, себебі басшының жеке тұлғасын қалыптастыратын жеке-психологиялық қасиеттері ескерілмейді.

Жоғарыда аталған екі ағымнан бөлек *мінездемелік ағым* басшы немесе маманның жеке тұлғасына сай психофизиологиялық қасиеттерін психологиялық диагностика арқылы зерттеу мен анықтауға негізделеді. Нәтижесінде басшының ұйымдастырушылық қасиеттерінен бастап, білімі, зейіні, құзыреттілігі мен әдетіне дейінгі мінездемелік сипаттамалар тізімі жасалады. Бұл ағымның үлкен кемшілігі — ағымның негізін салушылар білікті басшыны сипаттайтын жалпылама, нақты емес, тиісті қызмет ету санатына қатысты ерекшеленбеген мінездемелер берген.

Бұдан басқа, басшының жеке тұлғасы оның қызметінен алшақтатылып зерттеледі. Сондықтан басқару психологиясы сияқты ғылым саласының пайда болуы тұлғаның жеке бас ерекшеліктері мен оның қызметі арқылы зерттеуге мүмкіндіктер туғызды. Басқару аппаратында лауазымға ие болатын тұлғаларға қатысты талаптарды қалыптастыру барысында олардың қызметінің нақты шарттары; басқару объектінің ерекшеліктері; өңделетін ақпараттың сипаты мен көлемі; қабылданатын шешімдердің бағыты мен сипаты; қызмет ету нысаны және т.б. толықтай ескерілуі тиіс.


Тиісті басқарушылық буындардың негізгі міндеттері мен функцияларын зерттеумен толықтырылған мұндай ағым түрлі санаттағы мемлекеттік қызметшілерге қойылатын кәсіби құзыреттілік, жеке-психологиялық, әлеуметтік талаптардың кешенін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осылайша, басқару кадрларының кәсіби деңгейін анықтаудың негізін жоғарыда аталған ағымдардың барлық жағымды жақтарын біріктірген *кешендік ағым* құруы керек.

Бүгінгі күнгі қазақстандық мемлекеттік қызметшіге қатысты оның қызметінің барлық ерекшеліктерін (мемлекеттік органның функциясына, орталық немесе жергілікті органда жұмыс істеуіне қарай) ескере отырып, кәсібінің үлгісін қалыптастыру мен осы үлгіге сәйкес мемлекеттік қызметшіге қойылатын қасиеттерді сипаттау өте күрделі мәселе. Әсіресе үш элементтің:

- мемлекеттік қызметшінің кәсіби маман ретінде қалыптасуының;
- кәсіби-тұлғалық қасиеттерінің дамуының;
- мемлекеттік қызметшілердің арнайы әлеуметтік-кәсіби топ ретінде қалыптасуының бірлігін қалыптастыру өте қиын.

Жоғарыда аталғандардың негізінде *мемлекеттік қызметшінің кәсібилігін* қызметшінің мемлекеттік биліктің міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттіктерді атқаруға қабілеттілігі ретінде анықтауымызға негіз бар.

Мемлекеттік органның қызметінің тиімділігін бағалау барысында мемлекеттік қызметшілердің біріктіру қасиеттерінің құрылымы ескеріледі (1-сур.).



1-сурет. Мемлекеттік қызметші қасиеттерінің құрылымы (автормен құрастырылған)

Мемлекеттік қызметшілердің кәсібилік деңгейіне арналған көптеген еңбектер, өкінішке орай, олардың кәсібилік деңгейіне баға беруде жеке-тұлғалық деңгеймен шектеледі. Тіпті ең дарынды деген тұлғалардың сапалық жиынтығы тұтастай мемлекеттік аппараттың кәсібилік деңгейінің жоғарылауына толықтай қол жеткізбейді. Мемлекеттік орган қызметінің тиімділігін бағалауда оның сандық сипаты емес, нақты органға тиесілі функцияларды жүзеге асыру үшін түрлі адамдардың түрлі қасиеттерін ұтымды жұмылдыра алу деңгейі ескеруі тиіс.

Бұдан басқа басқарудың тиімділігін арттыру, менеджменттің заманауи ағымын қалыптастыру саласында әлем таныған сарапшы И.Адизестің мінез-құлық теориясының орны ерекше екендігін атап өткен жөн. И.Адизес әдістемесі бойынша ұтымды басқару жүйесін қалыптастыруда адами ресурстарды тиімді қолдана білудің әдістері қолданылуы қажет. Оның ойынша, мінсіз басшы болмайды. Басшы жалғыз өзі ұйымды оңтайлы басқаруға қол жеткізе алмайды. Сондықтан тиімді басқару үшін дарынды қызметкерлерді жұмылдырып, бәсекеге қабілетті басымдыққа ие болу арқылы ғана көшбасшылыққа жетеді [17].


И.Адизеспен ұсынылған әдістемені [18] тек корпоративтік құрылымдарда ғана емес, мемлекеттік органдардың да қызметінде қолдануға мүмкіндік бар екендігін және оны Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының қызметін ұйымдастыруда қолданудың тетіктерін: жаңа тұрпаттағы басқарушыларды дайындауда тек бір басшыны ғана дайындауға емес, топтық басшылықты жетілдіру бағыттарын енгізу. Белгілі бір мемлекеттік орган мен мемлекеттік қызметшілердің қызметіне И.Адизес әдісі бойынша мониторинг жүргізуді бүгінгі күнгі қазақстандық экономист-ғалым А.Б.Майдырова анықтап берді [8].

Қазіргі кезде елде жүргізіліп отырған институттық, тұғырлы реформалар тиімді кадрлық технологияларды қалыптастыруға, мемлекеттік қызметке кірудің ашық және оңтайлы жүйесін ұйымдастыруға, мемлекеттік қызметшілердің кәсіби дамуын үздіксіз жүргізуге, қызмет нәтижелері мен ынталандыру жүйесінің арасындағы тұрақты байланысты жетілдіруге бағытталған.

Осы орайда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» жаңа Заңымен енгізілген тың жаңалықтар тұрғындардың мемлекеттік қызметке кіру мен қызметі бойынша жоғарылауда біліктілігі, қабілеті, сіңірген еңбегі және өзінің қызметтік міндеттерін адал орындауы ескерілетіндігіне сенімін арттыруға бағытталған (2-сур.).

